

ЖОБА

Бекітемін

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ

Директорлар кеңесінің

2018 жылғы _____ шешімі

№ _____ хаттама

**«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ Директорлар кеңесінің
Өнеркәсіптік, экологиялық, радиациялық қауіпсіздік, еңбекті қорғау
және тұрақты даму жөніндегі комитеті туралы
ЕРЕЖЕ**

**Астана қ.
2018 ж.**

МАЗМҰНЫ:

1 ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

2 ТАРАУ. КОМИТЕТТІҢ ҚҰЗЫРЕТІ

3 ТАРАУ. КОМИТЕТТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

**4 ТАРАУ. ӨНЕРКӘСІПТІК, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ, РАДИАЦИЯЛЫҚ
ҚАУІПСІЗДІК, ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ
ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ҚҰРУ**

**5 ТАРАУ. ӨНЕРКӘСІПТІК, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ, РАДИАЦИЯЛЫҚ
ҚАУІПСІЗДІК, ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ
ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІНІҢ ТӨРАҒАСЫ**

**6 ТАРАУ. . ӨНЕРКӘСІПТІК, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ, РАДИАЦИЯЛЫҚ
ҚАУІПСІЗДІК, ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ
ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІНІҢ ЖҰМЫСЫН
ҰЙЫМДАСТЫРУ**

7 ТАРАУ. ЕРЕЖЕНІҢ ЗАҢДЫ КҮШІ

8 ТАРАУ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1 ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) Директорлар кеңесінің жанындағы Өнеркәсіптік, экологиялық, радиациялық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және тұрақты даму жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) туралы осы ереже Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғам Жарғысына, Қоғамның Корпоративтік басқару кодексіне және корпоративтік басқарудың халықаралық іс-тәжірибесіне сәйкес әзірленген.

2. Осы ереже Комитеттің мәртебесі мен құзыретін, оның құқықтары мен міндеттерін, құрамын, Комитетті құрудың, жұмысының және Қоғам органдарымен өзара әрекеттесуінің тәртібін анықтайды.

3. Комитет Қоғамның Директорлар кеңесінің жанындағы консультациялық-кеңестік орган болып табылады. Комитет әзірлеген ұсыныстардың барлығы кеңестік сипатта болып табылады және олар Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады.

4. Комитеттің Қоғам Жарғысымен Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған сұрақтар бойынша шығарған ұсыныстары, Директорлар кеңесі бекіткен жағдайда, қарау үшін және заңнамамен белгіленген тәртіпте шешім қабылдау үшін Жалғыз акционерге жіберіледі.

2. Комитеттің құзыреті

Комитет құзыретіне келесі сұрақтар кіреді:

2.1. Еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша химиялық және радиациялық әсерді барынша азайтуға, қоршаған ортаны және персоналды қорғауға, өндірістің қауіпсіздігін жоғарылатуға және технологиялық процесстерді автоматтандыруға бағытталған, тұрақты дамудың құрамдас бөлігі ретіндегі Қоғамның интеграцияланған саясатын әзірлеу;

2.2. Директорлар кеңесіне келесі мәселелер бойынша ұсыныстар мен кеңестер дайындау:

- өнеркәсіптік, экологиялық және радиациялық қауіпсіздік саласындағы басқару жүйесін жақсарту;

- еншілес және тәуелді ұйымдармен (ЕТҰ) тиімді өзара іс-әрекет және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету сұрақтары бойынша саясатты жүзеге асыруда Қоғам қызметін үйлестіру;

- Қоғамның тұрақты даму сұрақтары бойынша бағдарламалық құжаттарын, соның ішінде еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау саласындағы бағдарламалық құжаттарды қабылдау;

2.3. Директорлар кеңесіне Комитет жұмысы туралы жыл сайынғы есепті беру;

2.4. Қоғамның Директорлар кеңесіне өз құзыретінің шегінде Қоғамның Директорлар кеңесінің тапсырмасына және/немесе Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес өзге де сұрақтар бойынша ұсыныстар беру;

2.5. Жұмыс топтарының, комиссиялардың құрамында Комитеттің құзыретіне жатқызылған сұрақтар бойынша келіссөздерге қатысу;

2.6. Қоғамда тұрақты даму жүйесінің енгізілуін, тұрақты дамудың негізгі процестерге, тәуекелдерді басқару, адами ресурстарды басқару, инвестициялар, операциялық қызмет, стратегиялық басқару, шешім қабылдау процесстерін және басқа процесстерді қоса, кіріктірілуін бақылау;

2.7. Тұрақты даму жүйесін жүзеге асыруға және оның жекелеген процесстерін жақсартуға бағытталған іс-шараларды үйлестіру және бақылау, Қоғамда тұрақты дамытуды енгізу сұрақтары бойынша материалдарды қарау (мысалы, мақсаттық ПӘК-ке қол жеткізу, тұрақты даму облысындағы бастамалар бағдарламасын іске асыру сұрақтары және өзге сұрақтар бойынша).

2.8. Әлеуметтік сұрақтарды алдын ала қарау.

3. Комитеттің құқықтары мен міндеттері

3.1. Комитет міндеттерді іске асыру және өз функцияларын жүзеге асыру үшін келесі құқықтарға ие:

3.1.1. ЕТҰ-дан, Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінен, Ішкі аудит қызметінен, Корпоративтік хатшыдан және Қоғамның өзге де жұмыскерлерінен құжаттар, есептер, түсіндірмелер мен басқа да ақпарат сұрау. Қоғам өз есебінен Комитетті барлық материалдармен және ресурстармен белгіленген тәртіпте қамтамасыз етуге міндетті;

3.1.2. Қоғамның Директорлар кеңесінің, Қоғам Басқармасының мүшелерін, басқа тұлғаларды өз отырыстарына қадағалаушы ретінде шақыру;

3.1.3. Кәсіби және тұрақты дамуды басқару облысындағы көшбасшылық машықтарын дамыту мақсатында Комитет мүшелерін оқытуға бастамашылық ету;

3.1.4. Тұрақты даму нұсқаларын талқылау, тұрақты дамудың жұмыс істеуін бағалау мақсаттарында Қоғам Басқармасымен арнайы сессия өткізуге бастамашылық ету;

3.1.5. Қоғам Басқармасы мүшелерінің тұрақты даму облысындағы озық іс-тәжірибелерден хабардарлық деңгейін жоғарылату, Басқарманың тұрақты даму қағидаттарын енгізу процесстеріне тартылуы дәрежесін жоғарылату мақсаттарында жұмыс кездесулерін өткізуге бастамашылық ету;

3.1.6. Өзіне жүктелген өкілеттіктерді жүзеге асыру үшін қажетті өзге де құқықтарды пайдалану.

3.2. Комитет мүшелерінің міндеттері:

3.2.1. Өз қызметін адал және сапалы, Жалғыз акционер мен жалпы Қоғам мүдделерінде жүзеге асыру және Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінің негізгі қағидаттарын орындау;

3.2.2. Өз міндеттерін тиімді орындау үшін жеткідікті уақыт көлемін бөлу;

3.2.3. Комитеттің жұмысына атсалысу және оның отырыстарына қатысу, іссапарда, демалыста болу немесе ауыруы себепті жұмыста болмауы жағдайларын қоспағанда;

3.2.4. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар енгізу;

3.2.5. Комитет мүшесінің міндеттерін атқару барысында ие болатын барлық ақпараттың құпиялылығын сақтау;

3.2.6. Өз құзыретінің шегінде және осы Ережеде қарастырылған тәртіпте Директорлар кеңесі анықтауы мүмкін басқа да міндеттерді орындау;

3.3. Тәуелсіз директор болып табылатын Комитет мүшелері Қоғамның Директорлар кеңесіне өзінің тәуелсіз директор мәртебесіндегі кез келген өзгерістер туралы аталған мәртебеге иеліктен босатылған мезеттен бастап немесе Комитет шешім қабылдауы тиіс сұрақтарға байланысты мүдделер қақтығысы туындаған мезеттен бастап мүмкіндігінше қысқа уақыт ішінде хабарлауға міндетті.

4. Өнеркәсіптік, экологиялық, радиациялық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және тұрақты даму жөніндегі комитетті құру

4.1. Комитеттің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның Төрағасы мен мүшелерін сайлау, сонымен қатар олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

4.2. Комитет құрамы Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері қатарынан және Комитет құрамында жұмыс істеу үшін жеткілікті кәсіби білімдері бар сарапшылардан құрылады.

4.3. Комитет Төрағасы тәуелсіз директорлар қатарынан сайланады.

4.4. Комитет мүшелерінің өкілеттік мерзімдері олардың Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттіктерінің мерзімімен сәйкес.

4.5. Қажет болған жағдайларда Комитет құрамына Комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылар дауыс беру құқығысыз кіргізіле алады. Комитеттің тиімді қызмет атқаруы мақсатында сала бойынша кәсіби тәжірибесі мен біліктілігі бар сарапшылар тартылады. Комитет құрамындағы сарапшылардың ролі шешім қабылдау кезінде Комитеттің мәселені жан-жақты зерделеп, Директорлар кеңесіне ұсыныстар дайындауына мүмкіндік беру үшін өздерінің арнайы білімдері мен кәсіби тәжірибесін пайдаланып Комитет мүшелерін қажетті ақпаратпен қамтамасыз етуде болып табылады. Сарапшыларды тарту кезінде Қоғам жұмыскерлеріне басымдық беріледі.

4.6. Басқарма Төрағасы Комитет мүшесі бола алмайды. Комитет сарапшылары Комитеттің отырысына дауыс беру құқығысыз қатысады. Комитет сарапшылары Комитет отырысын шақыруға бастамашылық ете алады, өз бастамасы бойынша Комитет хатшысы арқылы Комитетке жазбаша хабарлау жолымен өз өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтата алады

4.7. Комитет шешімі бойынша аудит комитетінің хатшысы тағайындалады, ол Комитет жұмысын ұйымдастырушылық және ақпараттық қамтамасыз ету функцияларын жүзеге асырады.

5. Өнеркәсіптік, экологиялық, радиациялық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және тұрақты даму жөніндегі комитеттің төрағасы

5.1. Комитет Төрағасы тәуелсіз директорлар қатарынан сайланады.

5.2. Комитет төрағасы өзі басқаратын Комитеттің жұмысын ұйымдастырады, оның ішінде:

- 1) Комитет отырыстарын шақырады және Комитет отырыстарында төрағалық етеді;
- 2) Комитет отырыстарының күн тәртібін бекітеді, оның ішінде Өнеркәсіптік, экологиялық, радиациялық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және тұрақты даму жөніндегі комитеттің отырысында талқылауға шығарылатын сұрақтардың мазмұнын бекітеді;
- 3) Өнеркәсіптік, экологиялық, радиациялық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және тұрақты даму жөніндегі комитеттің отырыстарында сұрақтарды талқылауды ұйымдастырады, сонымен қатар отырысқа қатысуға шақырылған тұлғалардың пікірлерін тыңдайды;
- 4) Директорлар кеңесі отырыстарының жоспарын ескере отырып, ағымдағы жылдағы Комитеттің кезекті отырыстарының жоспарын әзілейді.

6. Өнеркәсіптік, экологиялық, радиациялық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және тұрақты даму жөніндегі комитеттің жұмысын ұйымдастыру

6.1. Комитет жұмысы отырыстар түрінде жүзеге асырылады.

6.2. Комитет отырысы Комитет алдын ала бекітетін Жұмыс жоспары негізінде, алайда жылына кемінде төрт көзбе көз отырыс (тоқсан сайын бір рет) жүргізіледі – жиналыстарға Комитет мүшелерінің техникалық байланыс құралдары арқылы қатысуына рұқсат етіледі. Комитет жыл сайын Комитеттің жұмыс жоспарын құрады, жоспарды Комитет бекітеді.

6.3. Комитет хатшысы Комитет отырыстарын өткізуді дайындауды, отырыстарға материалдар жинауды және жүйелеуді, Комитет мүшелеріне және Комитет отырысына шақырылған тұлғаларға Комитет отырысы өткізілетіндігі туралы хабарламаны, отырыстардың күн тәртібін, күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша материалдарды уақытылы жіберуді,

отырыстарды хаттамалауды, Комитет шешімдерінің жобаларын дайындауды қамтамасыз етеді, сонымен қатар кейін тиісті материалдардың барлығын сақтауды қамтамасыз етеді.

Комитет хатшысы Өнеркәсіптік, экологиялық, радиациялық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және тұрақты даму жөніндегі комитет мүшелерінің қажетті ақпаратты алуларын қамтамасыз етеді.

6.4. Комитеттің кезектен тыс отырысы Комитет төрағасының шешімі бойынша оның өз бастамасымен, Комитеттің кез келген мүшесінің, Директорлар кеңесінің, сонымен қатар Жалғыз акционердің және Басқарма Төрағасының жазбаша жүгінуі бойынша өткізіледі.

6.5. Комитет отырысының өткізілетіндігі туралы хабарлама күн тәртібімен қоса отырысқа қатысатын тұлғаларға отырыс өткізілетін күннен кемінде 5 (бес) күнтізбелік күн бұрын жіберілуі тиіс.

6.6. Комитет отырысы заңды болып табылады, егер оған Комитет мүшелерінің кемінде жартысы қатысса.

6.7. Комитет отырысына Комитет Төрағасының шақыруымен үшінші тұлғалар Комитет отырысының күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша дауыс беру құқығысыз қатыса алады.

6.8. Дауыс беру кезінде Комитет Төрағасы мен Комитет мүшелері Комитет отырысының күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша шешімді тек дауыс беру құқығы бар Комитет мүшелерінің көздерінше ғана қабылдай алады. Бұл жағдайларда Комитет отырысына шақыру бойынша қатысып отырған сарапшылар мен басқа тұлғалар Комитет отырысына тек сұрақтарды талқылау кезінде ғана қатысады, ал дауыс беру мезетінде олар отырыс залынан шығып кетеді.

6.9. Комитет шешімдері отырысқа қатысып отырған барлық Комитет мүшелерінің жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Дауыстар тең түскен жағдайда, Комитет Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

6.10. Комитеттің әр мүшесі өзінің ерекше пікірін білдіре алады, ерекше пікір Комитет шешімінің хаттамасына түсіріліп ұсынылады. Комитет мүшелерінің мүдделі болуына байланысты, жекелеген сұрақтар бойынша шешім қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда, бұл жағдай Комитет отырысының хаттамасына түсіріледі.

7. Ереженің заңды күші

7.1. Осы Ережені бекіту, сонымен қатар оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу Директорлар кеңесінің құзыретінде болып табылады.

8. Қорытынды ережелер

8.1. Осы Ереже, сонымен қатар оған өзгерістер мен толықтырулар Директорлар кеңесімен бекітіледі.

8.2. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтыруларды Директорлар кеңесі өз бастамасы бойынша немесе атқарушы органның немесе Комитеттің жай көпшілік дауысымен қабылданатын бастамасы бойынша жүзеге асырады.

8.3. Егер осы Ереженің нормалары қолданыстағы заңнама нормаларына, Қоғам Жарғысына, Директорлар кеңесі туралы ережеге қайшы келетін болса, онда Ереженің мұндай нормалары қолдануға жатпайды.